

**8D08701 – «Механикалық инженерия» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Утеулов Канат
Тулекбергеновичтің «Кең алымды сепкіш сіңіргішінің тозуға төзімділігі
жоғары анкерінің конструкциясын әзірлеу» атты диссертациясына
ПІКІР**

Қазақстанда астық дақылдарын егетін жер ресурстары жеткілікті, бірақ елімізде су тапшылығы мәселесі бар. Бұл мәселе, әсіресе, жауын-шашын мөлшері төмен болған жылдары ерекше байқалады. Сондықтан, Қазақстан Еуразиядағы ең үлкен су тапшылығы бар елдердің біріне жатады. Бұндай топырақ-климаттық ерекшеліктерге байланысты және ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау жасау барысында, дәнді дақыл сепкенде минералды тыңайтқышты тұқымнан төмен деңгейде енгізу тиімді екені анықталды.

Қазақстан Республикасының дәнді дақыл егетін аймақтарындағы топырақ жағдайлары әртүрлі болғандықтан, оларда жұмыс жасайтын кең алымды секіштердің сіңіргіштері мен құрамдас бөліктері абразивті тозуға ұшырайды. Мұндай жұмыс органдарының геометриялық формасы өзгеріп, тарту кедергісі мен отын шығыны артады. Сондықтан, абразивті тозуға төзімділікті арттыру үшін сіңіргіш пен оның құрамдас бөліктерінің қаттылығын жоғарылату мәселесі туынады.

Жоғарыда аталған екі мәселені шешу үшін абразивті тозуға төзімділігі жоғары, тұқым мен минералды тыңайтқышты әртүрлі тереңдікке енгізетін анкер конструкциясы ұсынылды. Оның конструктивтік-технологиялық сұлбасы жасалып, негізгі және қосымша конструктивтік параметрлері негізделді.

Берілген диссертациялық жұмыс 2 қаржындрылатын жобалар шеңберінде орындалды: 267 «Білім мен ғылыми зерттеулерге қолжетімділікті жақсарту» 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды мақсатты қаржыландыру» қосалқы бағдарламасы BR06349506, 2018–2020 жылдарға арналған «Солтүстік Қазақстан облысындағы «демонстрациялық фермалар» қағидаты негізінде дақыл шаруашылығында дәл егіншілік технологияларын тасымалдау және бейімдеу» жобасы; 217 «Ғылымды дамыту», 2020-2022 жылдары AR08856407 «Тұқым себу және минералды тыңайтқыштарды әртүрлі көрсетілген тереңдіктерде дифференциалды себуге арналған кең алымды сепкішті жобалау» гранттық жобасы.

Диссертациямен жұмысты орындау барысында К.Т.Утеулов ғылыми міндеттерді нақты қойып және оны шеше алатын, толығымен қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Ізденуші диссертациялық жұмыстың мақсатын анықтауға байланысты зерттеу міндеттерін, әдістемесін, бағдарламасын дайындады. Ұсынылған сіңіргіш анкерінің конструктивтік-технологиялық

сұлбасын әзірлеп, жасалу мен беріктендіру барысын қадағалап, оларды эксперименталдық сынақтан өткізді. Эксперименталдық сынақ нәтижелерін талдап, өңдеді. Алынған нәтижелер бойынша диссертация мәтіні мен ғылыми мақалалар әзірледі.

Диссертациялық жұмыстың негізгі бөлімдері Scopus базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда 1 (Q2) мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда 2 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда 5 мақала жарияланды. Өнертабысқа ҚР 2 патенті алынды.

Утеулов Қ. Т. диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына 1-қосымша «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» көрсетілген PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сәйкес орындалған және автор 8D07105 – «Механикалық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:

т.ғ.д., Инжиниринг және азық-түлік
технологиялары институтының
профессоры



Адуов М.А.